

Үй тапсырмасы

*Төленді, салынды, отырғызылды,
кешіктірілмеді, шақырылды, өсірілді,*
деген ырықсыз етістерді қолданып он
сөйлем құраңдар.

Үлгі: Қазақстанның көптеген
аудандарында жаңа мектептер мен
балабақшалар салынды.

Өткен сабақты қайталау

1.Өзгелік етіс

дегеніміз не?

2.Өзгелік етістің
жасалу жолдары?

ұнады?

3.Өзгелік етіске мысал келтір?

4.Ырықсыз етіс дегеніміз?

5.Ырықсыз етіске мысал келтір?

6. Жаңа сабаққа көңіліңіз толды ма?

ОТАНДЫ СҮЮ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

**Қарама - қарсы
мағынадағы сөздер**

ОТАН ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ. АЛ, ОТБАСЫ НЕДЕН БАСТАЛАДЫ?

Отанға деген ыстық сезімнен, жақындарына,

**туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен
басталады.**


Н.Ә.Назарбаев

Бірге ән шырқайық!

Бейнематериал (16)



2. ОЙ ҚОЗҒАУ. ЖАЗБА ЖҰМЫСЫ





**ОТБАСЫ – СЫЙЛАСТЫҚ, ЖАРАСТЫҚ ОРНАҒАН
ОРТА. ОТБАСЫ – БАЛА ТӘРБИЕСІНІҢ ЕҢ
АЛҒАШҚЫ ҰЖЫМЫ.**



Қ.Мырзалиев.

"Қазақ осы."

Қазақ осы: Дала дейтін, күн дейтін.

Қазақ осы "Өнер алды - тіл" дейтін.

Қазақ осы "Қарасың ба, ақсың ба,
қызылсың ба, жатырқауды білмейтін".

Қазақ осы ашық-жарқын қабағы.

Қонақ келсе, шабылып бір қалады.

Байқа да тұр, саған да ол кетерде.

Ат мінгізіп, жібек шапан жабады.

(Орысша мағынасын түсіндіреді)

Жаңа сабақ

Мағыналары бір – біріне қарама – қарсы сөзді қарсы мәндес

сөздер немесе антоним деп атаймыз.

Мысалы: Жарық – қараңғы, қуаныш – реніш, жылдам – ақырын, жақсы – жаман, арзан – қымбат.

1. Мақалдың мағынасын аш. Қарама - қарсы сөздерді тауып не мағына беретінін анықта.

Жомарт дос көбейтеді,
Сараң_мал көбейтеді

2. «Жалғастыр» ойыны арқылы мақал – мәтелдерді жалғастыру (қарсы мәндес сөздер қою).

Көз қорқақ, қол ...
Өтірік – қаңбақ, ... – салмақ.
Қорлық өмірден, ерлік ... артық.
Көп ақымақтың ағасы болғанша,
Бір ... інісі бол.
Көп тыңда, ... сөйле.
Білімнің басы – бейнет,
Соңы -

Бірінші қатардағы сөздерге екінші қатардан қарама –қарсы мағыналы сөздерді тауып жаз.

Тар

Қону

Жас

Қатты

Қалың

Қысқа

Кіру

Жұқа

Көшу

Кәрі

Жұмсақ

Кең

Ұзын

Шығу

1. Қарама-қарсы мағыналы сөздерді жаз.бұл сөздердің мағынасы қарама-қарсы екенін дәлелде.

2. Өлеңді мәнерлеп оқы.Қарама-қарсы сөздерді тап.


Қызғалдақтың қасына
Қойып едім қондырмай,
Бізін сұғып басыма
Шақты-ау ара оңдырмай.

Енді тимен оған мен,
Ісіп кетті бас,шекем.
Балы тәтті болғанмен,
Тілі өзінің ащы екен!

(Қадыр Мырза Әли)

3.ОЙ ТАЛҚЫЛАУ.

Әкенің қандай қасиеттері болуы керек деп ойлайсыз?



Сабақты бекіту

Мәндес сөздермен қарама-қарсы мағына сөздерді бөліп айтыңыз.

жуан-жіңішке, әдемі-сұлу, көркем-таза,
үлкен-кіші, қалың-қатты, аласа-биік, ұзын-
қысқа, суық-ыстық, жақын—алыс, байсалды-
сабырлы, бет-жүз.

- Бүгінгі сабақ ұнады ма?

- Несімен ұнады?

Үйге тапсырма

1. **Тәртіпті** сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді тап

А) жаман Ә) биік Б) тәртіпсіз В) алыс

2. **күлді** сөзі нені білдіреді?

А) заттың аты Ә) санның аты Б) сапаның аты В) қимылдың аты

3. «**Үлкен кісі бастар, кіші кісі қостар**» мақалында қарама-қарсы мағынаны білдірмей тұрған сөзді тап

А) үлкен-кіші Ә) кіші-кісі Б) бастар-аяқтар

1. **көңілді** сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді тап

А) ұзын Ә) қымбат Б) мұнды В) жуас

2. **қарт** сөзі нені білдіреді?

А) заттың аты Ә) санның аты Б) сапаның аты В) қимылдың аты

3. «**Жазда күн ұзарады, түн қысқарады**» сөйлемінде қарама-қарсы мағынаны білдірмей тұрған сөзді тап

А) күн-түн Ә) ұзарады-қысқарады Б) жазда-ұзарады

1. **ауру** сөзіне қарама-қарсы мағыналы сөзді тап

А) салақ Ә) барды Б) сау В) әлсіз

2. **кең** сөзі нені білдіреді?

А) заттың аты Ә) санның аты Б) сапаның аты В) қимылдың аты

3. **Түлкі өзінің қулығымен аңқау арыстанды алдап кетті.** Сөйлемінде қарама-қарсы мағынаны білдіріп тұрған сөздер тобын тап

А) түлкі-қу Ә) қу-аңқау Б) арыстан-түлкі

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

